

# Ұстаз бен шәкірт «Китаб тасдиқтің» жұмбағын шешті

Филология ғылымдарының кандидаты, ғалым Ақжол Қалшабектің тікелей жетекшілік етуімен М.Әуезов атындағы ОҚУ университетінің түлегі, магистр Әзімхан Исабек Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында үлкен рухани іс тындырды. 2019 жылы Абай Құнанбайұлының «Китаб тасдиқ» еңбегіне алғаш рет транскрипция жасап, республикалық баспасөз беттеріне, соның ішінде Түркістан облысының қара шаңырағы атанған «Оңтүстік Қазақстан» газетіне де жариялаған болатын. Ғалымдарымыз тек мұнымен шектеліп қалмай, университет басшылығының қолдауымен биыл ақпан айында «Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасы» атты монографияны жарыққа шығарды. Бұл ғылыми жұмыстың қазіргі уақытта БАҚ-тағы ең өзекті тақырыпқа айналғаны бізді қатты қуантып отыр. 2018 жылдың желтоқсан айында ғалым Ақжол Батырұлы «Егемен Қазақстан» газетіне «М.Әуезов және кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты көлемді мақаласын жариялады. Дәл сол мақалада ғалым 100 жылдық абайтану тарихында ұлы ақынның «Китаб тасдиқ» еңбегіне арнайы текстологиялық-терминологиялық сараптама жүргізілмегенін баса айтып: «...Абайтанудың ең бір өзекті мәселелерінің бірі әлі күнге осы Шығысқа қатыстылығында болып келеді. Бір ғана мысал келтірейік: әнгіме Абайдың 38-ші қара сөзі туралы. Кезінде Шығыс тақырыбының білгірі болған профессор Ә.Қоңыратбаев: «осы күнге дейін Абайдың 38-ші қара сөзіне ешкімнің тісі батпай жүр» деген болатын. Бұл

жердегі мәселелер шоғыры мынадай болып келеді: 1) Абайда 38-ші қара сөз деген шығарма болған емес. Ақиқатында Мүрсейт қолжазбасында «Китаб тасдиқ» атты тақырыпта шығарма болған. Оны 38-ші қара сөз деп нөмірлеп, тақырып қойып өзгерткен кеңестік дәуірдегі редакторлар болатын. 2) «Китаб тасдиқ» қара сөздерге кірмейтін, Абайдың өз алдына бөлек, жеке дара шығармасы. 3) Бұл шығарма қазіргі қазақ тілінде емес, шағатай тілінде жазылған туынды. 4) «Китаб тасдиқ» таза көркем шығарма емес, еркін толғаныс мәнерінде жазылған дін негіздері туралы ғылыми трактат. 5) «Китаб тасдиққа» 100 жылдық абайтану тарихында текстологиялық және терминологиялық сараптама жүргізілмеген. 6) «Китаб тасдиқ» шығармасын жүйелі түрде талдау үшін біріншіден, шағатай, араб, парсы тілдерін білу керек, екіншіден, ақида, фикһ, тәфсир, хадистану атты ислам салаларымен қоса ересология ғылымы тарихымен жетік таныс болу қажет. 7) «Китаб тасдиқ» шығармасы толық түрде талданбай, Абайдың дүниеге көзқарасы анық ашылмай, сол жұмбақ күйінде қала бермек...» деген болатын.

Міне, осы бір мағынасы мың қатпар шығарманы ғалым Ақжол Қалшабек жас шәкірті Әзімхан Исабекпен бірге зерттеді. Профессор Мехметас Мырзахметұлы «Қазақстан» ұлттық арнасынан: «...Мен Абайдың ойлау жүйесіне түскен адаммын. Сондықтан Абайдағы құбылысты тез тауып аламын. Басқалар оған түсе алмайды, түсе алмайтын себебі олар Абайдың текстологиясына кіре алмады. Мәселен, Абайдың



38-ші қара сөзі, оған академиктер де бара алған жоқ. Сол еңбекті жақында біздің магистр ашты. 330 сөздік берді. Еңбекті шағатай тілінде жазылған деп қарады. Сөйтіп бар құпияны ашып берді» деп шәкірттерінің еңбектері мен ғылыми жетістіктерін мақтанышпен жеткізген болатын.

Талантты ғалым А.Қалшабектің жас абайтанушы Әзімхан Исабекке 7 жылдан астам уақыт бойы ғылыми жетекшілік жасауы шәкірті үшін үлкен мәртебе деп білеміз. Дана Абайдың шығармашылығындағы ең құнды туындыны транскрипциялап, оған арнайы сөздік жасау қажырлы еңбекті талап етеді. Осы жолда тынымсыз еңбек етіп жүрген Ақжол Қалшабек пен Әзімхан Исабектің ғылымдағы жаңалықтары жемісті боларына сенгіміз келеді.

*Садыбек БЕЙСЕНБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің  
қоғаммен байланыс және  
мәдениет жөніндегі проректоры,  
педагогика ғылымының докторы.*